ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9-қантар Іс №1513-23-00-2/2459 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы А.Абдуалиева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі 20982 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Ринат Бекболұлы Нәдіров («Birlik»)

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі Мемлекеттік Аудит Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор А.Есімғалиқызы
талап қоюшының өкілі Ж.Т.Нығымет
жауапкер дара кәсіпкер Р.Б. Нәдіров
үшінші тұлғаның өкілі А.С.Изтлеуов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Документ подписан: Казтуганова Б. А., 16.01.2024
Дата вступления в законную силу: 03.04.2024, судья Казтуганова Б. А., 19.04.2024
1513-23-3-1/2808

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 31 шілдеде №46 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер JAC S5 жеңіл автокөлігіне тікенді қысқы шиналар 225/55/R18, аккумуляторлық батарея 6СТ-90, AC S5 легірленген доңғалақты диск Қазынашылық органдарында шарт тіркелген сәттен бастап 16 (он алты) күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 672 974 теңгені құрайды.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2023 жылдың 11 тамызында төленген.

Шарт Қазынашылық органда 2023 жылдың 31 шілдеде тіркелген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2023 жылдың 16 тамызына дейін болып табылады.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкер сот отырысында талапты мойындамай, талап қоюшының талабы заңға келмейтіндігін, пікірінде келтірген уәждерін қолдап, қанағаттандырудан бас тартуды сұрады және талап қоюшыға тиісті шара қолдануларыңызды және жауапкердің тапсырыс берушімен жасасқан келісім шарт толық орындауға көмек көрсетулеріңізді сұраған.

Үшінші тұлға тапсырыс берушінің «Winter ICE» моделінің техникалық ерекшелігінде көрсетуі мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын бұзу болып табылмайтынын түсіндірді.

Прокурор талап қоюды толығымен қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сәйкес (әрі қарай–АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу

Документ подписан: Казтуганова Б. А., 16.01.2024
Дата вступления в законную силу: 03.04.2024, судья Казтуганова Б. А., 19.04.2024
1513-23-3-1/2808

туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Азаматтық іс материалдарынан мынадай негізде жасалған шарттың талаптары шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелерді қабылдады.

Бұл ретте тауардың атауы, оның нақты техникалық сипаттамалары мен құны, жеткізу мерзімі мен тәртібі, оған ақы төлеу тәртібі шартта және оған қосымшаларда көрсетіледі.

Шарттың 1.1. тармағына сәйкес өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша 002-102-149 JAC S5 жеңіл автокөлігіне тікенді қысқы шиналар 225/55/R18, аккумуляторлық батарея 6СТ-90, AC S5 легірленген доңғалақты диск.

Шарттың ажырамас бөлігі лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша) және №2 қосымша (техникалық ерекшелік) болып табылады, ол сатып алу жарияланған кезде мемлекеттік сатып алу порталында жариялануы тиіс.

Конкурстық құжаттамаға №2 қосымша сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігіне сәйкес тауар функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипаттау бөлігінде келесідей айқындалған.

2022 жылы шығарылған JAC S5 жеңіл автокөлігіне тікенді қысқы шиналар 225/55/R18, жылдамдық индексі Т, жүктеме индексі 102, шиналар үлгісі Winter ICE. ГОСТ 24779-81. Өнім жаңа және бұрын пайдаланылмаған болуы керек. Барлық жеткізу шығындары: салық, жол жүру және т.б. жеткізушінің есебінен. Алдындағы міндетті және шарт үлгіні, тапсырыс берушімен келісу. Жұмыс күндері сағат 09:30-дан 12:30 –ға дейін сағат 15:30-дан 17:00 ге дейін ұсыну қажет.

Сотта талап қоюшы жауапкермен тауарларды жеткізуді жүзеге асырды. Алайда, тексеруден кейін келесі тауарлардың техникалық сипаттамасында сәйкессіздік анықталды:

JAC S5 жеңіл автокөлікке қысқы тікенді шиналар шығарылған уақыты 225/55/R18 2022 жылы және жеңіл балқытылған доңғалақты диск JAC S5 шығарылған уақыты 2022 жыл. Дөңгелек дискілердің өлшемдері және қысқы тікенді шиналар протекторларының үлгілері бойынша, сәйкессіздік актісі

Документ подписан: Казтуганова Б. А., 16.01.2024
Дата вступления в законную силу: 03.04.2024, судья Казтуганова Б. А., 19.04.2024
1513-23-3-1/2808

жасалды және порталда мемлекетік саып алуды қабылдаудан бас тарту ресімделді.

Өнім беруші жеткізген тауарлар: дөңгелек өлшемі 18*7JX 18H2 ET45, қысқы шиналар «Snow Cross» протекторлы үлгіде.

Мемлекеттік сатып алу порталында 2023 жылдың 6 қыркүйекте өнім берушімен қайта зарядталғыш батареяға акт қойылды.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес жеткізу өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге.

Сотта жауапкер кез-келген баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткен сатып алуларда автодөңгелектерге «Winter ICE» секілді фирмалық атауларды, модельдерді, өзге де сипаттамаларды көрсетуге тиым салынғаны деп айтылды.

Заңның 38 бабының 23 тармағына сәйкес, 1-тармағында көзделген, орналастырылатын ақпаратта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың болуына жол берілмейді.

Сотта үшінші тұлғаның өкілі осы азаматтық ісі бойынша тапсырыс берушінің «Winter ICE» моделінің техникалық ерекшелігінде көрсетуі мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын бұзу болып табылмайтынын түсіндірді.

Тапсырыс беруші тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді.

Сот талап қоюшы Шарттың 3.3. тармағы сақтағаны, және жауапкерге сәйкессіздік актісі жіберілгені анықталды.

Алайда, жауапкермен міндеттемелерді толық орындамағаны анықталды.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер 2023 жылдың 6 желтоқсанынан бастап шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Документ подписан: Казтуганова Б. А., 16.01.2024

Дата вступления в законную силу: 03.04.2024, судья Казтуганова Б. А., 19.04.2024

Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолданады (*тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру)*.

Заңның 38-бабының 4 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Бұл мемлекеттік сатып алулар баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен өткізілді.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес белгілінген мерзімде орындауға міндетті болды.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Документ подписан: Казтуганова Б. А., 16.01.2024
Дата вступления в законную силу: 03.04.2024, судья Казтуганова Б. А., 19.04.2024
1513-23-3-1/2808

Талап қоюшы ұсынған 16 349 теңге көлеміндегі тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс деп санайды:

Қайта зарядталғыш батарея бойынша (229 252,8 теңге *0,1%*21 күн (2023 жылдың 17 тамыздан 2023 жылғы 6 қыркүйек аралығы)=4 815,3 теңге;

Дөңгелек дискісі бойынша (219 999,36 теңге *0,1%*26 күн (2023 жылдың 17 тамыздан 2023 жылғы 11 қыркүйек аралығы)=5 717,4 теңге;

шиналар бойынша (223 722,24 теңге *0,1%*26 күн (2023 жылдың 17 тамыздан 2023 жылғы 11 қыркүйек аралығы)=5 816,72 теңге;

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі 20982 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қою қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Ринат Бекболұлы Нәдіровты («Birlik») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Ринат Бекболұлы Нәдіровтан («Birlik») мемлекет пайдасына 16 349 (он алты мың үш жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Ринат Бекболұлы Нәдіровтан («Birlik») жергілікті бюджет пайдасына 2215 (екі мың екі жүз он бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Документ подписан: Казтуганова Б. А., 16.01.2024
Дата вступления в законную силу: 03.04.2024, судья Казтуганова Б. А., 19.04.2024
1513-23-3-1/2808

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Документ подписан: Казтуганова Б. А., 16.01.2024

Дата вступления в законную силу: 03.04.2024, судья Казтуганова Б. А., 19.04.2024